

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тұсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекция құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2118. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Машина жасау кәсіпорындарында, металлургия мен басқа да салаларда тұсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын мемлекеттік бақылау мен ұйымдастыру, орны толмас табиғат резервтерін сақтауды, қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. КСРО Металлургия министрлігінің Халық шаруашылығында тұсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі Орта Азия аумақтық мемлекеттік инспекциясы негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тұсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекция құрылсын.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тұсті және қара металдардың ұтымды пайдалануын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекция Қазақстан Республикасының аумағында КСРО Металлургия министрлігінің Халық шаруашылығында тұсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі Орта Азия аумақтық мемлекеттік инспекциясының құқықты мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тұсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөнінде мемлекеттік инспекцияға қолданылып жүрген заңдарға сәйкес барлық кәсіпорындарда тұсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылауды жүздеге асыру, сондай-ақ қара және тұсті металдарды, солардан және солардың сынықтары мен қалдықтарынан жасалған бұйымдарды экспортқа шығарудың белгіленген тәртібін тексеруге кеден қызметтерімен бірге қатысу жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Тұсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекцияны қаржыландыру Республика бюджетінің қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бұдан бұрын КСРО Металлургия министрлігінің Халық шаруашылығында тұсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын

бақылау жөніндегі Орта Азия аумақтық мемлекеттік инспекциясына бекітілген мүлікті иелену, пайдалану және басқару құқығын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жаңындағы Тұсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекцияға беретін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жаңындағы Тұсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекция туралы ережені бекітсін және инспекцияның адам саны, оны қаржы және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселелерін шешетін болсын.

6. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қүшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК